



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№18 (555)
2 мамыр,
2024 жыл

Б

Бұл – қазақ халқы ұстанатын басты қағида. Өзіне жетпей жатса да, өзгені ойлайтын, көңілге қарап сөйлеп, ұлтына, тіліне қарамастан адамды бауырындай жақын тартатын қазақтың пейіліне осы ұлан-ғайыр дала бұйырған секілді.

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – БІРЛІК

Отаны бірдің тілегі бір



«Бетеге кетсе – бел қалар, бектер кетсе – ел қалар, берекең кетсе нең қалар?» деген бабаларымыз татулық болса, тыныштық та болатынын өсиет еткен.

Жылда бірлік күні қарсаңында тарихқа шолу жасайтынмыз рас. Ешкімді бөліп-жармай, сан ұлтқа төрінен орын берген қазақтың сол кездегі ниетін естіп, білгенде қазіргі ауыз-біршіліктің қадірін ұғына түссен.

Сәуір айының жиырма бесінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік. Жасампаздық. Өрлеу» атты XXXIII сессиясы өтті. Ел Президенті тасқын судан зарлап шеккен халыққа көмек көрсету кезінде еліміздің мызғымас бірлігі айқын көрінгенін атап айтты, Ассамблеяның маңыздылығына тоқталды.

3-бетте



Сурет ашық арқылы алынды. Қолжазба АҚ



Қазақ тілінің бүгінде абыройы асқақ. Ұлты өзге болса да, мемлекеттік тілді жетік біліп, ана тіліндей құрметтейтін жандар аз емес. Осы орайда өзі орыс ұлтынан болса да, қазақ тілінің болашағына үлкен сеніммен қарайтын Любовь Нестеровамен тілдескен едік.

Любовь НЕСТЕРОВА:

ҚЫЗ ҰЗАТУ салты ұнайды

– Любовь, сіздің әдебиетке жақын екеніңізді естідік. Хакім Абайдың өлеңдері мен қара сөзін жатқа білесіз. Өзіңіз де шығармашылықпен айналысасыз ба?

– Ең алдымен барша қазақстандықтарды 1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қиын-қыстау заманда бір-бірімізге қолдау білдіріп, азаттықтың ақ танында бас қосып, бейбіт өмір сүріп келеміз. Тарихтың тоқырау жылдарына көз жүгіртіп, өткенге көз тастасақ, қазақ халқының көптеген қиындықты еңсергенін байқаймыз. Алайда ата-бабаның асқақ арманы шындыққа айналып, алты Алаштың басы бірігіп, бүгінде қазақ елі азат өмір кешуде. Ес білгелі оқытыным да, үлгі тұтатыным да – Абай Құнанбайұлы. Абай атамыз «білдір» деген дүниенің дінгегіне үніліп, әрқашан оқуға бейім болдым.

3

ЦЕНТЕНИАЛ ҰРПАҚ ҰРТОҚПАҚҚА КӨНБЕЙДІ

1963-1980 жылдар аралығында дүниеге келгендер X ұрпақтар болса, Y немесе «миллиениум» санатына 1981-2000 жылдар аралығында дүние есігін ашқандар жатады. Ал XXI ғасырда туған буын Z ұрпағы деп аталады. Бұл буын ғылым тілімен айтқанда «центениалдар» атауын алған. Z ұрпағы – бойында күш-қуаты мол, тез жетілетін және кез келген ақпаратты фильтрден өткізе білетін балалар. Центениалдар –

жаналыққа жақын, көріп-білмекке құштар буын. Нумеролог мамандардың мәліметінше, Z ұрпақтары кез келген адаммен жас ерекшелігіне қарамастан тез тіл табысып, ортақ тақырыпта әңгімелесіп кете алады



5

TikTok:

Ақпарат майданындағы алыптар шайқасы

Қазір TikTok әлеуметтік желісінің төңірегінде әңгіме көбейіп кетті. Көрші мемлекеттер бұл әлеуметтік желінің идеологиялық тұрғыда аса қауіптіге санап, бұғаттап жатса, АҚШ өз тұрғындарының жеке деректеріне алаңдап, соттасып әлек. Оның үстіне еліміздің медиасына жауапты Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да көрші елдердің позициясын күп көріп, “бұғаттау мәселелерін қарау қажет” деп, айтқанын жақсы біледі. Ел онысызда су тасқыны мен Бишімбаевтың сотына дүрлігіп жатқанда, көпшілік үшін, әсіресе жасөспірімдерге бұл жаналық түрпеді тигені анық. «Елдегі жағдайлар шешімін таппай жатқанда, TikTok-қа тыйым салына ма?» деушілердің қатары қалың болып тұр.

Сонымен, аталған желінің кең ауқым алып, көптеген ел билігінің назар аударуына не себеп болды? TikTok-тың идеологиялық, тәрбие мәселесінен тыс қандай фактор бойынша

АҚШ оны жаппақ ниетте және жастардың сүйікті платформасы атанған бұл әлемжелінің пайдалы тұстары мен зияны жөнінде сіз бен біз болып талқыға салып көрейік.

8-бетте



ҰЛТТЫҚ КУБОК

ЖАСТАР. ИННОВАЦИЯ. ДАМУ

Enactus Kazakhstan National Expo 2024

Экологиялық тұрақтылық пен экономикалық дамуға қатысты мәселелер бойынша инновациялық шешімдер әзірлеп, оң өзгерістер енгізуде жастардың рөлі ойсыраған емес. Осы қажеттілікті ескере отырып, ел аумағының түкпір-түкпіріндегі инноваторлар жана жобаларды іске асыруда.

Enactus ұйымы ұйымдас-тырған «Ұлттық кубок – 2024» байқауы – жас кәсіпкерлер үшін жана жобалар мен идеяларыды көрсетуге арналған алаң. Республика көлеміндегі іс-шара жастардың дарыны, ынтасы


мен жақсы нәтижеге деген ұмтылысының айнасына айналды.

Өткен аптада, нақтырақ айтсақ 25-26 сәуір күндері елорда төрінде өткен студент кәсіпкерліктің, стартаптар

мен инновациялардың ұлттық кубогы өз мәресіне жетті.

2





Ұлттық құндылықты ұлықтаған жан

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде еңбек еткен уақытта жүзі жылы, қашан көрсен мейірімді қалпымен әпкендей тіл қататын Гульчин апады жиі көретінімін. Кейін білдім, Гульчин Гейдарова 2004 жылдан бері облыстағы түрік этномәдени орталығының жетекшісі болып қызмет атқарады екен. Ізгілікке, жақсы іске үлес қосуға әрдайым өзін жерлесімізге 30 жасында-ақ бұл жауапкершілігі мол жұмыс сеніп тапсырылыпты.

1944 жылы ата-әжелерім Қазақстанға депортацияланғанда, әкем 2 жаста екен. Қараша айы болғасын келушілердің көбі күннің суықтығы, жағдайдың жоқтығынан көп қиындық көріпті. Сонда ауылдағы ағайын барымен белісіп, қолынан келгенше көмек көрсеткен. Тіпті аяқ киімнің жоқтығынан мал терісін орап, жан сақтапты. Қазақтар өз үйлеріне келушілерді бөліп алып, кейін жана үй соғып, бөлек шыққанда екі сиыры болса, соның бірін берген. Ұйымшылдық біріктірген ауылда бәрі бір-біріне мейірімді болатын, – дейді ол.

Мектеп бітіріп, жоғары білім алғаннан кейін де Гульчин апа жолдасымен бірге Қызылордада тұруды қалапты. Бүгінде мектепті үздікке аяқтаған екі ұлы да қазақ тілінде өткен байқаулардың жүлдегері.

– Бала күнінде кіші ұлым үйге «мен

қазақтың ба, әлде түріктің бе?» деп келетін. Себебі қазақы ортада өсіп, салт-дәстүрін, қазақ тілін менгерді. Кейін орыс мектепте білім алса да, қазақша аңыздар мен мақал-мәтелдерді жетік білетін. Ал үйде түрікше сөйлесеміз. Қазақы әдет-ғұрыптармен қатар түрік дәстүрлерін де ұмытпағанбыз, – деді Гульчин Әнсерқызы.

Бүгінде облыста 1200-ден астам түрік ұлтының өкілі бар. Осы жылдың желтоқсан айында түрік этномәдени бірлестігінің қазақ жерінде құрылғанына да 20 жыл толмақ.

1995 жылы 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні деп жарияланды. Елдің мықты болуы өзара татулық пен ынтымаққа тікелей байланысты. Тәуелсіздік алған 33 жыл ішінде халқымыз бірлігінің берік екенін көрсетті. 1944 жылы дүниеге келді деген балалардың өзі бүгінде 80-ге толды. Ауылдағы үлкендердің де қатары сиреді. Сол қысылтаян күндерден бері қанша уақыт өткенін осыдан-ақ көруге болады. Ата-әжеміз қазақтардың жақсылығын үнемі еске алып, алғыс айтып отыратын. Әрдайым берекеміз артып, бірлігіміз берік болсын, – деді Гульчин Әнсерқызы.

P.S. Бұл күннің маңызын осыдан-ақ түсінуге болатын секілді. Ата-бабаларымыз татулық пен даналық арқылы елдікті нығайтты. Біздің ендігі міндет – сол ізді жалғай, барды бағалау.

Айдана ЖҰМАДИНОВА



БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ – БІРЛІК

Басы 1-бетте

Президент тасқын басталғаннан бері Қазақстан халқы Ассамблеясы белсенді әрі үйлесімді жұмыс істеп жатқанына да тоқталды. Жұртқа жан-жақты көмек беру үшін дереу Ассамблеяның республикалық және аймақтық штабтары құрылды. «Жүректен – жүрекке!» ауқымды акциясы жүргізіліп жатыр. Апат аймақтарына 1500 тоннадан астам азық-түлік және ең қажетті тауарлар жолданды. Оның жалпы сомасы шамамен 770 миллион теңге болды.

Су тасқынымен күреске этномәдени бірлестіктердің 12 мыңға жуық өкілі қосылды. Олар қайырымдылық және гуманитарлық көмек жинауға жұмылды. Сондай-ақ жұртты қатерден хабардар етуге және қауіпсіз жерге көшіруге атсалысты. Мұның бәрі – өзара жанашыр және тілеулес болудың айқын көрінісі.

Мен Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай облыстарына арнайы бардым. Кездесу кезінде жұртшылық Ассамблея мүшелеріне зор ризашылық білдірді.

Ассамблея – кейбір адамдар айтып жүргендей, жасанды ұйым емес. Ассамблея – ел бірлігін іс жүзінде орнықтыра түсетін тиімді құрылым. Бүгінде бұл – конституциялық мәртебесі бар маңызды қоғамдық орган. Ассамблея өте ауқымды қайырымдылық шараларын дер кезінде және жедел ұйымдастырып келеді. Мұның бәрі көпжылдық жүйелі жұмыстың нәтижесі екені сөзсіз, – деді ел Президенті.

Ұлттық статистика бюросы ұсынған кейінгі деректерге көз жүгіртсек, Қазақстан халқының саны – 20075271 адам. Оның ішінде 71 пайызға жуығы қазақ ұлты болса, 29 пайызы – өзге этнос өкілдері.

Ел әлеуетінің мықты болуына ең әуелі ішкі бірлік, түрлі этнос өкілінің өзара жанашырлығы мен татулығы ықпал ететіні рас.

Тарихты не үшін айта береміз?

Жуырда журналист Руслан Медельбек Қазақстан мен Қырғызстанда туып-өсіп, Германияға көшіп кеткен немістерге қонаққа барып, солардың өміріне куә болғаны туралы жазба қалдырды.

– Ұлтты неміс Роза апа «әлі қазақша рошкімізді пысырамыз» дегенде көзіме анамның етпен кішкене сорпасы бар «бермешелі» елестеп кеткені. Роза апаның жолдасы Яша атаның «қой, сивырды кезектесіп жайғанмын, қазақтар мені неміс деп бөлмеді» дегенде сүйсіндім. Роза апа Ақсуат (Абай облысындағы) ауылында өсірген сиыр, жылқыларын суретке түсіріп алып, Германиядағы үйінде тоназытқышқа жапсырып қойғанын шын жүректен айтқаны, тіпті «сағынасың, сағынасың» деп күрсінгені де сағыныш деген сезімнің ұлылығын көрсетіп берді. «Қазақтарымыз ас ішкенде «бісіміл» деп бастайды» дегенде, адал ас пен дастарқанның қасиетін сезгендей болдым.

Қазақстанда туған Елена Қаражорға мен Қамажайға билегенде көзі жайнап,

Германиядағы мерекенің гүлі мен сөніне айналып шыға келгенін де көрдік, – дейді ол.

Ауылдағы жұрттың ақ көңілі мен көмегін ұмытпаған немістердің сағынышы жүректі елжіреткені рас.

Кейде «неліктен тарихты еске ала береміз?» деген де ой келетіні бар. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат бойынша Ұлттық комиссия мүшесі, ҚХА Аналар кеңесі төрағасы Назипа Шанаи «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында жақсы пікір білдіріпті.

Ассамблеяның сессиясы – ұлттық тәрбие сағаты. Бұл – қазаққа рақмет айту арқылы өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру, ұлтына қарамастан елге еңбегі сіңген азаматтарды үлгі ретінде таныту, қоғамымыздың жақсылығын паш ету, ортақ Отанға қызмет істеуге ұйыстыру шарасы.

Әр сессияда сөз сөйлейтін өзге ұлт өкілдері міндетті түрде қазақ жеріне келген тарихына тоқтайды. Көп адамдар таң қалады, «неге осыны қайталай береміз» деп. Қайталау қажет, себебі кешегі қиыншылықты бірлесе еңсерген ұрпақ азайып барады. Ал тәуелсіз елде еркелеп өскен жастар ол тарихты білмейді, білмегендіктен бүгінгі қоғамдағы ауызбіршілікті бағалай алмай қалуы мүмкін деген қауіп бар, – дейді ол.

Расымен, өткеннен өнеге алғанда ғана бейбітшіліктің бағасын білеміз.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздегі тұтастықты нығайтуда маңызды рөл атқаруда. Бұл ұйымның қажеттілігін халықаралық ұйымдар да, дамыған мемлекеттер де мойындады. Назипа Ыдырысқызының айтуынша, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтасу ұйымы (ОБСЕ) Ассамблеяның қызметін зерттеп, зерделеп, өзінің құрамындағы 56 елдің тіліне аударып, таратқан.



Басы 1-бетте

Абай Құнанбайұлы – қазақ жазба әдебиеті мен әдеби тілінің негізін қалаған ойшылы. Әрбір қазақ Абайды таниды, сонымен қатар ол қалдырған асыл мұраның мәні мен мағынасына үңілуі керек. Хакімнің жалынды сөздері әрбіріміздің жадымызда жаңғырып тұруы тиіс. Менің де сол кісідей нар тұлға, қаламы қарымды, сөздері арынды, еліне елеулі азамат болғым келеді. Абай атамның жолын жалғастырып, келелі болашаққа кемел өзгеріс әкелгім келетіні сөзсіз.

Любовь НЕСТЕРОВА: Қыз ұзату салты ұнайды

– Қазақ тілін түсіну қиындық тудырмай ма?

– Бұл сұрақ бәрінің қызығушылығын тудыратын «актуалды сауал» десем болады. Қазақ тілі әлемдегі қиын тілдер қатарында болғанымен, оны үйрену, түсіну аса қиындық тудырмайды. Тіл білу – бүгінгі өмірдің маңызды аспектілерінің бірі. Мен қазақ жерінде туып, осы елдің барлық құндылығын бойыма сіңіріп өстім. Өзім әдебиетке жақын болған соң, қазақ әдебиетінің майталманы атанып кеткен көптеген ақын-жазушының туындыларын сүйіп оқимын. Халқымыздың ұлы тұлғалары, қазақ әдебиеті мен тіл ғылымының аса көрнекті өкілдері қазіргі ұлттық жазба әдеби тілдің негізін қалауға, оны қалыптастыруға айрықша үлес қосқанына ешкімнің таласы жоқ. Сол себепті оқу – менің басты құралым. Ізденіс үстінде жүріп, білім алған адам үшін тілді меңгеру еш қиындық тудырмайды. Сондай-ақ қазақ тілінің халықаралық деңгейге көтеріліп, әлемдік дәрежеде болатынына сенемін.

– Қазір қазақ тілі үйретіп жүрген өзге ұлт өкілдері бар. Сіздің ойыңызша қазақ тілін дамыту үшін не істеу қажет? Болашақта қазақ тілін үйретуге өзіңіздің де атсалысыңыз келе ме?

– Қазақ тілі Кеңес Одағының кезінде жоғалып кетуге шақ қалса да, өзінің құндылығынан айырылған жоқ. Тәуелсіздіктің тұғырлы жылдары бастау ала салысымен тілді дөрілтеу үшін мемлекет қыруар қаражат бөліп, әрбір аймақта мыңдаған іс-шара атқарылуға. Қазақ тілінің болашағы зор. Қазір бұл тілді үйренгісі келетін өзге ұлт

өкілдері де аз емес. Алайда медиа саласында беткеуастар азаматтар тілді білмегендіктен бе, әлде өзге тілді аудиторияның көптігінен бе, қазақша сөйлеуге құмарспайды. Менің ойымша, бұл тілге деген құрметтің аздығынан. Ол кісілерді үлгі тұтатындардың саны миллионнан асады. Айтпағым, ең алдымен тілдің ел алдындағы абыройын көтеруге сол кісілер себепкер болуы керек. Әрине, мен де қазақ тілінің жанашырымын. Отбасымызда барлығымыз қазақша сөйлейміз. Болашақта өз отбасымызды құрып, ана атансам, балаларымды да қазақша сөйлеуге дағдыландырып, қазақ мектебіне беретін едім.

– Жалпы қазақ халқы сізге несімен ұнайды? Нендей салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты тәрбиелік маңызы бар, дұрыс деп санайсыз?

– Әуелгі сөзді қазақ халқының қонақжай халық екендігінен бастаған жөн болар. Жер бетінде қаншама ұлт болса да, қазақтан асқан қонақжай халық жоқ дер едім. Олардың ерекшелігі, атадан қалған салт-дәстүрді қай кезінде болсын дәріптеп жатыр. Бүгінгі жас ұрпаққа насихаттауында. Кіндік қаным тамған Отанымның әрбір құндылығына құрметпен қарау – менің адам ретіндегі парызым.

Әсіресе маған әрбір қыздың жанұясынан сән-салтанатымен ұзап шығатын салты ұнайды. Бұл отбасының қаншалықты құнды, маңызды екенін айқындай түседі. Ата-ана мен бала арасындағы сыйластық пен махаббатты күшейтеді. Өзге отбасыға қадам

басып, бөлек «мемлекет» құрып кетсек те, өз ата-анамызға деген құрметті арттыра түседі деп есептеймін.

– Әсерлі әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан Қорлан САРЫ




ТІЛІ – БҰЛБҰЛ, ОЙЫ – ГҮЛІСТАН, КӨҢІЛІ – БАҚ

ҚАРАСАҚАЛ ЕРІМБЕТ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЛАР

Қазақ әдебиетінің тарих қойнауындағы ұлы жолы ұлтымыздың қалыптасуымен сабақтас екені белгілі. Алты Алаштың анасы болған Сыр өңірінде дүниеге келген жауһарлардың баға жетпес туындылары біз үшін ғибратымен ерекшеленеді. Қазақ елі тұма таланттарға бай. Соның ішінде Сыр сүлейлерінің арасында танымалдылыққа ие Қарасақал Ерімбет мұраларының шоқтығы биік.

Қарасақал Ерімбет әдеби дәстүрді одан әрі жалғастырып, ислам дінінің гуманистік-ағартушылық идеяларын қазақ поэзиясының поэтикалық өзегімен ұштастыра жырлады. Шайырдың туындыларында артық сөз, ұзақ баяндау жоқ, айтар ойын безбеге тартқандай өлшестіріп отырған. Өлеңдерінде отансүйгіштікке, адамгершілікке, имандылыққа баулитын даналық ұғымдар қамтылады. Ақын шығармашылығы көркем мінезділікке ықпал етіп, жамандықтан жиренуге дәріптейді. Ерімбет Көлдейбекұлы шығармашылығының мәні – адамзатты рухани құндылықтарға баулу. Туындыларының басты ерекшелігі дидактикалық сарынға құрылған. Ақын шығармаларының маңызы әлі күнге дейін мәнін жоймайды. Өйткені ақынның айтар ойы қазіргі күннің өзінде де өзекті. Мәселен, оша бермес дүниенің артынан қуаламау, менмендік, арам ойлау, бос сөз секілді мәселелер әлі күнге дейін тиылмауда. Ақын еңбектерінде ғибрат аларлық әрі өсиеттік мәні бар, терең мағыналы ұғымдар жиі кездеседі. Ерімбеттің басқа шайырлар мен ақын-жыраулардан айырмашылығы – жыр-дастандарын қатаралық кезек ұйқаспен алты, сегіз, он, он екі жолдық немесе араласып, алмасып отыратындай етіп, ерекше стильде жазады. Дастандарының басты өзегі – адамгершілік, сақилық, ерлік, имандылық. Ақынның басты арманы осындай асыл қасиеттерді адам бойына дарыту болатын. Ол әр шығармасындағы оқиғаны байыппен баяндап, кейін шиеленістіріп, негізгі тақырыбынан ауытқымай, жүйелі әрі тартымды жеткізеді. Мәселен, «Атымтай жомарт» – 1899 жылы жазылған шоқтығы биік туындылардың бірі. Дастанның бастапқы бөлігі халықты жомарттық қылуға шақырумен басталады: «...Жарандар, шамаң келсе сақилық қыл, Сақидың жүрген жолы болар абад! Көркейер барша сақи сақиды айтсам, Саранды мерекеде қатты ұялтсам. Байлар көп ішпей-жемей мал жинаған, Соларды дұрыс болар көзіне айтсам!» – деп мырзалықты жоғары көтеріп, сараңдықты жиренетін қасиет ретінде суреттеп тұр. Мұндағы «сақи» сөзі берегендік, жомарттық, мырзалық мағынасында қолданылған. Шайыр бұл дастаны арқылы жақсылықты да ақылмен, бүкпесіз, шынайы әрі риясыз көңілмен істеу керектігін үлгі етеді. Ақын бұл өмір өткізінші екенін ескерте отырып, көзі тірісінде байлықтың буына масаттанбай, кедей-кепшікке жәрдемдесуге шақырады. Сонымен қатар ақын сақилық хақында «Садуақас сақи» дастанында: «...Болсын, – деп, – бірін екеу, екім төртеу», Жүгірер елпен – елпен сорлы пенде. Сумадап жүгіре берме, тыңда енді, Өтеді күні ертен-ақ, өмір демде!» – деп оқырманға ой тастайды. Ол мұндай уағыздарды тек айтып қоймайды. Деректерге сүйенсек,



туыстарының және қариялардың айтуы бойынша ол жарытып бай болмаса да, кедейлік оған кедергі бола алмаған. Қолындағы барын ет жақындарымен және көрші-қалаңымен бөліскен. Өмір бойы шайырлық пен дін жолынан таймаған. Оған дәлел, өмірден өткенінде қойын дәптерінен мына өлең жолдарын тапқан: «Қусаң да бұл дүниенің опасы жоқ, Ер болсаң иман күт те, дінге жармас!» – деп ақтық сапарға аттанар алдында да халықты имандылыққа үгіттейді. Осы жөнінде Сыр сүлейлерінің мектебінен шыққан ақын Омар Шораяқұлы да сақилықтың артықшылықтарын тиек етіп кеткен. Ол туған халқына, оның ішінде өзі шыққан кедей табына жақын болды. Кедейліктен азып-тозған халқына қиянат көрсеткен байлардың озбырлық әрекеттерін

Ойнаған иман жарға қозы-лақтай. Солардан саулығыңды сақтанбасан, Қоя ма аңдып жүрген бөрі шаппай», – деп нәпсіні құзға, биік жарға балайды. Ақын туындысының осы жерінде ұлттық сипаты қылаң береді. Қазақ күз бен жарды көбіне адамның шарасыз күйіне баласа, шайыр ібілістің аш бөріге ұқсаған кейпін бере отырып, құздан құлаған адамның өмірден опық жеген халі көрініс табады. Ал нәпсі жөнінде Омар Шораяқұлы: «Ізінде ізерттесіп ібіліс жүр, Майпаздап бала баққан кемпірдей-ақ. Нәпсі – ақымақ, ақылыңды алпыс бөлер, Ойыңа ешбір қайғы келтірмей-ақ», – деп нәпсіні ақымаққа балап, көз алдымызға адам бейнесін алып келеді. Ерімбет шығармашылығында теңеу мен ауыстырудың жымдасып, бір-біріне ұласып немесе өзара ерекшеленіп келетін қолданыстар көптеп кездеседі. Мысалы, «Ей, Алла, сүйген құлын қатарында ет!» туындысында 20 ауыстыру қолданылған: «Тіл – бұлбұл, ой – гүлістан, көңіл – бақтай, Қол – пілте, кеуде – зауыт, көз – шырақтай. Жайқалған айдан көлде көк құрақтай. Өлептің әр уақытта дұшпаны ұят, Жайылған көлді кешіп арғымақтай...», – деп ақын өмірде адам баласы үшін тіл мен ойдың, көңіл мен көздің теңдессіз жауһар екенін өз туындысында айқын аңғартады. Ол «тілді бұлбұлға, ойды гүлістанға, көңілді баққа» ауыстырып бейнелеу арқылы метафора мен теңеудің бір-біріне өте жақын екенін байқатады. «Тәубе – бұлт, дөме – тұман, қанағат – күн» ауыстырулары арқылы ислам дінінің қағидалары мен маңызы жоғары ұлттық ұғымдарға айналғандарын байқаймыз. Кете Жүсіп те Қарасақал Ерімбет ақын секілді ауыстыруларды қолданған:

«Көңілім – гүл, өмірім – бақша, тілім – бұлбұл, Адамзат осы үшеуімен жайнайды гүл. Өмірі адамзаттың жаз бен қыстай, Гүлденіп тұрады ол жасап жыл-жыл...», – деп ол да «тілдің бұлбұлдай, сайрауымен «көңілдің гүл, өмірдің бақшаға» айналатындығын айтады. Ақын туындылары 7-8 буынды және төкпе әдістен тұрады, дастандарында қара өлең ұйқасын да кездестіре аламыз. Шайыр «Атымтай жомарт» дастанында эпифора мен антитезаны шебер қолданған. Мәселен, «Сақилар дүниені жия алмайды, Сараңдар береріне қия алмайды» – деп сақи сөзі мен сараң сөзін қарама-қарсы қойып жазған. Шайыр дастанының барлығы дерлік тәлім-тәрбиеге құрылған. Оның дастандары еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін таптырмас дүние. Қай дастанында болмасын халықты адами қасиеттерге баулиды. Мәселен, «Бап-раушан» дастанында: «Кеуілі таза болса пендесінің, Өрқашан Алла сүйіп, құдай жақтар!» – деп пенде қандай да бір жақсылықты қаласа ең алдымен ниетінің түзу болуы қажет деген ұстанымды растап тұр. Бұл мәселе қазір де өзекті. Себебі пенденің пейілінің бұзылу салдарынан қоғамда түрлі келеңсіз жағдай белең алуға. Осы тұрғыда байқайтынмыз шайыр дастандарының құндылығы әлі күнге дейін өз құндылығын жоймаған. Сондықтан да өскелең ұрпаққа Қарасақал Ерімбет



өлеңдері арқылы әшкерелеп отырды. Халықты ағайыншылдыққа, бір-бірінің еңбегін бағалауға шақырды. Оған ақынның 1924 жылы өмірден озар алдында жазған: «Қайратты туған ер болсаң, Қамын ойла халқыңның. Жетім менен жесірге, Өзі бол жүзі жарқынның...» – деген өлең жолдары дәлел. Сонымен қатар Қарасақал Ерімбеттің «Бап-раушан» дастанында сақилықтың артықшылығын былай деп береді: «Сақилық, көп нәрседен абзал болар, Өрқашан жәннат оған ашық тұрар. Жиналған бұл араға, көп халайық, Өрқашан сақилықтан бол хабардар!» – деп сақилықтың артықшылығын атап көрсетсе, Базар жырау: «Қолы сақи пендеге – Өлгенде тиер қайыры...» – деп сақилықтың осы дүниеде де, арғы дүниеде де пайдасын деп басып жеткізген. Ал, «Ақтам сақаба» дастанында: «Сақилық қадірін білсе – шыны дәулет...» – деп жомарт болу кедейлік емес, қайта дәулетті болу деп ой салады. Ақын сақилық тақырыбындағы туындыларын: «Қайыр қыл, ау халайық, қапы қалма, Сақилық ақырында абад етер...» – деп тәмамдайды. Қарасақал Ерімбет философиясы нәпсінің пендеге ешқандай абырой бермейтінін, оның құмыры қысқа болса да, құрығының ұзын екенін жеткізеді: «Нәпсі – жар, шайтан – бөрі қорғалаған,



шығармаларын тереңінен оқыту қажет деп есептейміз. Себебі оның туындылары өсиетке толы. Кішкентайынан тағылымы мол дүниелерді оқып өскен баланың кеуілі тек жақсылыққа толады. Ерімбет Көлдейбекұлының көптеген діни танымдық-философиялық шығармалары мен арнау толғаулары, қисса-дастандары әлі күнге халық ауызында айтылып келеді. Сыр сүлейінің нақыл өлеңіндегі ең басты мәселе – адамның жақсы және жаман қасиеттерін салыстыра жырлау. Дәстүрлі өрнектердің нақыл өлеңдеріндегі қолданысында ақын қоршаған ортадағы, табиғаттағы тіршілік иелерінің – бәрін де мінез-құлық ерекшеліктеріне орай баламалап жырлауды қолданады. Мысалы, «Әр жерде-ақ үлгілі сөз айтам-дағы, Ақымақтың құлағынан кетеді ағып!». Өлеңнің идеялық астарында адамдардың алуан мінезін ишарат, мензеу тілмен бейнелей отырып, адамдардың өздеріне таныс табиғат, тұрмыс суреттері мінез психологиясының сырларын ашу үшін тиімділікпен қолданылады. Бұл – Ерімбет ақындығына тән суреткерлік қырлардың бір көрінісі ғана. Оның заманында үлкен насихатшыл-мінәжатшыл өлеңдердің қас шебері болғанын шайырдың замандастары, Сыр сүлейлерінің бірі әрі бірегейі Т.Ітілеуұлының еңбектерінен де байқаймыз.

«Қарасақал Ерімбет – Құтқармас құсты бедеудей. Шабысына шаң ермес, Ат шаптырған бүлкілі!». Қаншама рет жазба айтысында өзінің қарсыласы болған адамды дәл мынадай теңеулермен ұштастыру – екінің бірінде бола бермейтін жағдай. Бұл Тұрмағамбеттің көрегендігі және Ерімбет шайырдың асқан шеберлігіне берген кәсіпқой ақынның әділ бағасы деп айтуымызға болады. Сыр өңіріндегі шайырлардың барлығына ортақ қасиеттері бар. Ол ақындықты, жыраулықты, жыршылықпен қатар ұштастырып алып жүру. Сонымен қатар Тұрмағамбет жырау «Қарасақал Ерімбет» туындысында:

«Соғатын екіленіп тынбай үдеп, Желіндей қарашаның бір басталса. Ілетін алтайыны қияндаяғы, Қырандай бабындағы көзі шалса. Құдықтай шыңыраудан шыққан суы. Тереңде мағыналы сөзі жатыр. Инжудей шыға келер қауыз жарса», – деп ақын портретін жасауда «қырандай» сөзін алғырлық пен ептіліктің атрибуты ретінде пайдаланған. Қорытындылай келе, Қарасақал Ерімбет Көлдейбекұлының шығармашылығының ерекшелігі – ислам дінінің қағидаларына сай Жаратушыға жалбарынып, тілек тілеп, мінежат етеді әрі заман шындығын көркемдеп жеткізіп, рухани құндылықтарды ұстануға үгіттейді. Қазақ халқының тұма таланты Қарасақал Ерімбет шығармашылығын дәріптеу – кейінгі ұрпақтың міндетінің бірі. Қарасақал Ерімбеттің тағылымы мол дастандары адам бойындағы рухани құндылықтардың артуына септігін тигізгі сөзсіз.

Нұрайым ЖАСҰЛАНОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенті





Қазір қоғамдағы қастандық пен қатігездік туралы көп естиміз. Алайда қайырымды жандардың көп екені, адамдар арасындағы сенім мен жанашырлықтың мығым екеніне кейінгі жағдайлар куә. Бүгінде қазақ жерінде 124 этнос өкілі қоныстанған. Ұлты өзге болса да, ниеті он, тілегі бір. Осы орайда жас болса да, жетімін шеттетпей, жесірін жылатпаған қазақ халқының қасиеттерін бойына сіңіріп өскен волонтер, тіл жанашыры Ділшат Ибрагимовпен сұхбаттастық.

– Қазақ пен өзбек достығы ажырамаған, бауырлас ұлттар. Өзіңіз өсіп-өнген қазақ елінің тілін үйрену қиындақ тудырмаған болар? Білудімізше, одан бөлек өзбек, орыс, татар тілдерін білесіз. Көп тіл меңгеруге не әсер етті?

– Қазір заман ағымына сай бірнеше тіл білген де, басқаларды таңғалдыру қиын. Ал тіл білмесең, қол-аяғың байлаулы. Шынымы айтамын, арнайы курсқа қатысып, сабақ алып үйренген емеспін. Балалық шағымнан-ақ жаңа дүниені үйренуге бейім болдым. Ұлтым өзбек болса да, қазақ жерінде дүниеге келдім. Сол себепті тілді

Ділшат ИБРАГИМОВ:

ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ ҰЛТҚА БӨЛІНБЕЙДІ



меңгеру үшін айтарлықтай мотивацияның да қажеті болмады. Қалада орыс мектебінде білім алдым. Сол жақта орыс тілін, әдебиеті мен тарихын біліп шықтым. Сондай-ақ достарымның барлығы түрлі этнос өкілдерінен құралғандықтан өзге тілді үйрену жеңіл болды.

– Естудімізше, Қызылорда облыстық «Достық» үйі ұйымдастырған іс-шараларға белсенді араласасыз. Сондай-ақ волонтер ретінде өзгелерге көмек қолын созасыз. Ерікті болу сізге нендей сезімдер сыйлайды?

– Жақсылық жасау ұлтқа бөлінбейді. Біз үшін бастысы – адами қасиеттерді сақтап қалу. Оларға қариялардың ауласын сыпыру, мұқтаж жанға көмек беру, жығылғанға демеу болу жатады. Бұл жер бетіндегі барлық адамзаттың парызы емес пе? Санамызға сіңіп қалған пікірді адамзатқа деген махаббатпен толтырғанмыз абзал. Бұл – адамгершіліктің алғышарты.

Елімізде кейінгі бір айда орын алған тілсіз жау – су тасқынынан көп адам зардап шекті. Гуманитарлық көмек көрсету үшін қаржылай да, қажетті заттармен де

қамтамасыз ету жұмыстары жүргізіліп жатыр. «Достық» үйінің жанынан құралған ассамблея жастары болып, зардап шеккен аймақтарға қажетті заттарды жеткіздік. Ел басына қатер төнгенде ұйымшылдық танытып, игі іс атқарғандық жадымда мәңгі қала бермек. Бұл мен үшін үлкен тәжірибе болды.

– Волонтерлықтан бөлек қандай хоббиіңіз бар?

– Бос уақытыма ән айтамын, сондай-ақ тағам дайындағанды жақсы көремін. Осыған орай бизнес те аштым. І курс оқып жүргенімде оқу орнының студент кәсіпкерлерге берген мүмкіндіктерін қолданып, кофейня ашып, бизнес саласына қадам жасадым. Қазір тапсырыс алып тұрмын, сонымен қатар өзге де табыс көздерін іздестірудемін. Межелеген жерден тоқтап қалған ұнамайды. Себебі өзгеруге, болашаққа тәуекел етіп, қадам басуға қорықпаймын.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әңгімелескен Нұршат НЫШАНОВА

Жастар

жаңалықтары



Жас экскурсовод

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері арасында «Жас экскурсовод» жобасы ағылшын тілінде ұйымдастырылды. Жобаны тамашалауға «ОРДА» жоғарғы колледжінің студенттері қатысты.

Аталған жоба жастар арасында туған жердің төл тарихын танауға, ұлттық құндылықтарын ұлықтауға, көпшілік алдында өзін көрсету мен шығармашылық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді. Жобаның ең үздік экскурсоводын, яғни жеңімпазды анықтауға қаладағы бірнеше мектеп ұстаздары мен қала тарихы музейі қызметкерлері атсалысты.

Сайыс нәтижесінде студенттер жүделі орындар иеленіп, түрлі аталымдарымен марапатталды.

Бар жақсылық – балаларға

Арал. Аудандағы 10216-Ж әскери бөлімі және 55652 а/б авиация бағыттау пунктіннің қызметкерлері БҚО-дан келген балаларға тосын сый жасады. Арал ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы Санира Жанназарова әскери қызметкерлерді күтіп алып, оқушылармен кездестірді.

Ел амандығын кірпік қақпай күзетіп жүрген әскери мамандар оқушыларға қажетті киім-кешектер мен жеміс-жидек ұсынды. Тәтті сусындар таратып, балалардың туған күніне торт тарту етті. Сондай-ақ әскери өмір жайлы әңгімелеп, балалармен емен-жарқын сұхбат құрды.

Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі

Қазалы. Аудандық жастар ресурстық орталығының ғимаратында жұмыссыздар мен жұмыссыз жастардың жұмысқа орналасуына жәрдемдесу бойынша бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

Жәрмеңкеде ауданға қарасты 25 мекеме мен жеке кәсіпкерлерден 131 бос жұмыс орны және 2024 жылы Өңірлік жұмыспен қамту картасы шеңберінде 22 жоба бойынша құрылыс жүретін уақытқа 65 уақытша бос жұмыс орны ұсынылды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы шеңберінде жастар тәжірибесіне – 255, әлеуметтік жұмыс орнына – 3, алғашқы жұмыс орнына – 24, ұрпақтар келісім шартына – 4, қысқа мерзімді оқу курсына 30 бос жұмыс орны ұсынылып, мемлекеттік қайтарымсыз грантка 146 адамға қаржы қаралғаны хабарланды.

Жәрмеңкенің нәтижесінде 12 жұмыссыз адам тұрақты жұмысқа, 5 жас маман жастар тәжірибесіне және 5 жұмыссыз адамәлеуметтік жұмысқа жолдама алды.

Айбын-2024

Қармақшы. Білім бөліміне қарасты №183 К.Томанов атындағы орта мектеп базасында жалпы білім беретін мектептердің 14-18 жас аралығындағы оқушылары арасында «Айбын-2024» әскери-патриоттық жастар жиынының аудандық кезеңі өтті.

Сайыс әскери қолданбалы спорттың 8 түрі бойынша өтті. Ауданның 30 мектебінен 5 аймаққа бөлінген команданың оқушылары тартысты сайыс өткізіп, жеңімпаз атанған командалар арнайы дипломдармен марапатталып, облыстық кезеңге жолдама алды.

Шағын футболдан облыстық турнир

Жалағаш. Мемлекеттік қызметшілер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға және достық қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған доп додасында 8 команда бақ сынап, шаршы алаңда сынға түсті.

Жарыс нәтижесі бойынша I орынды Қызылорда қаласынан келген команда иеленсе, жүделі II орынды Жалағаш ауданы еншілеп, үздік үштікті Шнелі ауданы түйінделді.

Сондай-ақ Арал, Қармақшы, Сырдария, Қазалы және Жаңақорған аудандарының қатысушыларына ынталандыру сыйлықтары үлестірілді. Барлық жеңімпаз командалар арнайы кубок, дәрежелік диплом, алғыс хаттар және қаржылай сыйлықтармен марапатталды.

«Ауыл аманаты» жобасы жемісін беруде

Сырдария. «Ауыл аманаты» бағдарламасы шеңберінде Сырдария ауданына қарасты Айдарлы ауылдық округінде құрылған «Бәйтерек» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің ашылу салтанаты өтті.

Аталған кооператив жүннен жасалатын бұйымдар дайындау цехын ашып, 27,6 млн теңге жеңілдетілген жылдық 2,5%-бен несиесі алып, өз жұмысын бастады. Қазір бұл кәсіпорында 6 адам жұмыспен қамтылған.

Несие қаражатына жүн өңдейтін арнайы құрылғылар, теріге арналған тігін машина, жүн тарауға арналған түрлі құрылғылар да сатып алған.

Кооператив ауыл тұрғындарынан жүн, тері жинап, оны өңдеу арқылы ұлттық нақыштағы киіз үй бұйымдарын шығаруда.

Сырдың Сәбирасы

Шнелі. Аудандық мәдениет үйінде мәңгі өлмес өнер иесі, ұлт мақтанышы, Қазақстан және КСРО халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбира Майқанованың 110 жылдығына арналған «Сырдың Сәбирасы» атты кызу-келішшектер арасындағы монолог оқушылардың облыстық байқауы өтті.

Байқауға Қазалы, Жалағаш, Жаңақорған, Қармақшы, Сырдария, Шнелі аудандарынан 18-45 жас аралығындағы 9 үміткер қыз-келішшек қатысты.

Тартысты өткен сайыс нәтижесінде бас жүлде қармақшылық Гүлфариза Шакароваға, I орын жалағаштық Шынар Қоқымбайға, II орын шнелілік Айнұр Ысқақоваға бұйырса, қазалылық Динара Сапар мен жаңақорғандық Балжан Сәдуава III орынды өзара бөлісті.

Кітап оқу бәйгесі

Жаңақорған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Тұлғалыққа бір қадам» атты кітап оқу бәйгесі өтуде. Бәйгенің мақсаты – мектеп оқушыларының кітап оқуға деген құштарлығын оятып, кітап оқу дағдысын қалыптастырып, әрі жандандырып, сол арқылы төл құндылықтарымызды насихаттау.

Сайысқа Жаңақорған кенті мектептеріндегі 300-ге жуық оқушы қатысуда. Бәйгеге қатысушы оқушылар арасында «Кішкентай ханзада» кітабы бойынша флешбук жыны өткізілді. Оқушылар өзара жарысқа түсіп, үздік болып танылған мектеп оқушылары қаржылай сертификаттармен марапатталды. Сонымен қатар Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша», Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», Б.Момышұлының «Үшқан ұя» шығармаларынан оқушылар тест тапсырып, жеңімпаздар диплом, қаржылай сыйақылармен марапатталды.

«АЖ» ақпарат

ЦЕНТЕНМАЛ ҰРПАҚ ҰРТОҚПАҚҚА КӨНБЕЙДІ

Бала қауіпсіздігі күшейді

Бас прокуратураның мәліметінше, елімізде тұрмыстық зорлық-зомбылық салдарынан жыл сайын кемінде 80 әйел қаза табады. Ал құқық қорғау органдарына тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілері бойынша күнделікті 300-ге жуық арыз келіп түседі екен.



Жалпыға мәлім, Мемлекет басшысы 15 сәуір күні «Әйелдердің құқығын қорғау мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды. Аталған заң жобасын ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары 2019 жылы ұсынған еді. Алайда елеусіз қалған заңды қоғамдағы ашық қарсылықты ескере отырып, ұсынылған заңды қайтарып алуға тура келді. Дегенмен Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда ел Президенті бұл мәселені қайта көтерді.

Дәл осы өзгерістер аясында алып-қашпа әңгімелердің көбейгені ақиқат. Қоғамда қызу талқыға түскен тақырыпқа бірі «бұл заң ата-ана құқығынан айырады» десе, енді бірі «баламызды тәрбиелейміз деп жүргенде тартып алмаса жарар еді» деген сынайда пікірлерін білдірді. Дегенмен істің байыбына бармай байбалам салудың жөні жоқ. Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитетінің төрағасы Қайрат Қамбаров былай дейді:

– Заңда балаларды отбасынан тартып алу мәселесіне байланысты бірде-бір норма жоқ екенін атап өту қажет. Отбасылардан балаларды тартып алуға қатысты әлеуметтік желілердегі ақпараттың бәрі жалған. Мемлекеттің саясаты отбасын, баланы өз отбасында сақтауға бағытталған.

Бала құқықтары туралы конвенция – әлем халықтарына ортақ 18 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдердің бостандығы мен құқығын қорғайтын акт. Елімізде жақында ғана қабылданған заң дәл осы құқықтық актінің бірнеше бабы аясында жасасқан. Оның 19-бабы «Қатыгездік пен немқұрайлықтан қорғау» деп келтірілген. Дәлірек айтқанда, Үкімет баланы ата-анасы немесе басқа да адамдар тарапынан болатын зорлық-зомбылықтың барлық түрінен, немқұрайлық пен қиянат көрсетушіліктен

қорғауы қажет, сондай-ақ ересектерден қатыгездік көрген балаға көмектесуге міндетті.

БҰҰ-ның бала құқықтары туралы конвенциясының келесі бір баптарында буллинг пен кибербуллингтен қорғау жайын да назарға алған. Өзгертулер мен толықтырулар енгізілген жаңа заңда да көмелет жасына толмағандарды жәбірлегендер үшін (буллинг, кибербуллинг қысымын жасағандар) әкімшілік жауапкершілік алғаш рет енгізіліп отыр.

Зорлық-зомбылық – кез келген қоғам мен мемлекет үшін күрделі де көкейкесті мәселе. Соның ішінде көмелет жасына толмағандарға қатысты елде болып жатқан келенсіз оқиғалар мен жаға ұстатарлық жағдайлар күннен күнге дауасыз дерттей асықынп бара жатқанын көз көріп, құлақ естіп жүр. Заңдағы өзгерістер аясында жас баланы өлтіргені немесе педофилия үшін «өмір бойы бас бостандығынан айыру» жазасын қолдану көңілінен шыққан шешім болды. Мұндай аса ауыр қылмыс жасағандарға басқа балама жазалау шараларының барлығы да алынып тасталды.

Сонымен қатар балаларды ұрлау қылмысына қатысты жаза да айтарлықтай қатаңдатылды. Аталған қылмыс орын алған жағдайда бұрын 7-12 жыл аралығында бас бостандығынан айыру қарастырылған болса, быылдан бастап бала ұрлағандар 10 жылдан 15 жылға дейін темір торға тоғытылады.

«Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды» дейді қазақ. Осыдан бірнеше жыл бұрын жүргізілген сауалнама нәтижесінде қазақстандықтардың 75 пайызы баланы таяққа жүгініп тәрбиелеуді қалыпты жағдай деп қабылдаған.

– «Біздің ата-анамыз біз таяқ жеп өстік жаман болған жоқпыз. Менің балам да таяқ жеп өссін, жаман болмайды» деген пікірді алға тартады. Бірақ біз мәселеге басқа

қырынан қарамаймыз. Мен таяқ жедім, жеткілікті түрде жақсы бола алдым ба? Яғни пайызбен қарайтын болсақ, мысалы менің 40-50%-ға потенциалым ашылды. Иә, қолымнан бір нәрсе келеді, қоғамда өз орным бар. Ал неге менің потенциалым 80-90%-ға ашылған жоқ? Мүмкін сол ұрып-соғудың келергісі бар шығар, – дейді психолог Ержан Мырзабаев.

Дей тұрғанмен қазір балаларды ұрып-соғатын ата-аналардың қатары азайып келеді. Оның бірден бір себебі заман ағымына сай ұрпақтардың алмасуы. Мәселен, 1963-1980 жылдар аралығында дүниеге келгендер Х ұрпақтар болса, Y немесе «миллиениум» санатына 1981-2000 жылдар аралығында дүние есігін ашқандар жатады. Ал XXI ғасырда туған буын – Z ұрпағы деп аталады. Бұл буын ғылым тілімен айтқанда «центеналдар» атауын алған. Z ұрпағы – бойында күш-қуаты мол, тез жетілген және кез келген ақпаратты фильмдерден өткізе білетін балалар. Центеналдар – жаңалыққа жақын, көріп-білмекке құштар буын. Нумеролог мамандардың мәліметінше, Z ұрпақтары кез келген адаммен жас ерекшелігіне қарамастан тез тіл табысып, ортақ тақырыпта әңгімелесіп кете алады. Бұл ақпаратты не үшін айтып отыр десеніз, айтпағымыз – аталған буындағы «біліп туған» балаларды ұрып-соғып тәртіпке келтіремін деу жаңсақ пікір. Тәрбиелеудің тиімді әдісі – досындай сырласа білу және қажетіне кеңес, бағыт-бағдар беру екенін естен шығармаған абзал.

Түйін! Сіз баланың өзгенің баласымен салыстырып сынасаңыз да, дауыс көтерсеңіз де ол сізді жақсы көруін жалғастырады. Бірақ өзін жақсы көруді тоқтатуы мүмкін. Ал бала өзін жақсы көрмесе, өзіне сенімді бола алмаса тұлға болып қалыптасуы екіталай.

Аружан ОРАЛБАЙ



Еліміздегі омбудсмен институтына 20 жылдан асты. 2002 жылы Президент Жарлығымен құрылса да, демократияға ұмтылатын мемлекеттің міндетті элементі ретінде адам құқықтары жөніндегі институтын жандандыру бастамасы кейінгі жылдары ғана қолға алынды.

уәкіл
бастамасы кейінгі жылдары ғана қолға алынды.

ЖАС АНАЛАР МЕН ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЕҢБЕК ҚҰҚЫҚТАРЫ

2022 жылдың 18 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен елдегі Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің және оның жергілікті жерлердегі өкілдерінің міндеттері мен құзыретін айқындайтын арнайы Конституциялық заң күшіне енді.

Адам құқықтары жөніндегі Уәкіл қызметінің міндеттері – адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерлетуге ықпал ету.

Еліміздің әрбір өңірінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің өкілдері мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалып, жұмыстарын атқаруда.

2022 жылы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкіліне тұрғындар 29 арыз түсірген. Ал өткен жылы 174 арыз түсіп, оның 118-іне түсіндірме беріліп, 56-сы қанағаттандырылған. Оның ішінде 14 арызы – жүкті және жас әйелдердің еңбек құқықтарына қатысты жазылған.

Еліміздің еңбек заңнамасына сәйкес әйелдерге мынадай құқықтар мен шектеулер беріледі:

Оң сегіз жасқа толмаған жұмыскерді, жүкті әйелдерді және ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлерді жыл сайынғы ақылы еңбек демалысынан кері шақырып алуға жол берілмейді (Еңбек Кодексінің 95-бабының 4-тармағы).

Еңбек кодексінің 99-бабына сәйкес жүкті әйелдерге, бала туған әйелдерге, жаңа туған баланы асырап алған әйелдерге бала тууға байланысты мынадай демалыстар беріледі:

1) жүктілігі және босануы бойынша демалыс;
2) жаңа туған баланы асырап алған жұмыскерлерге демалыс;
3) бала үш жасқа толғанға дейін бағып-қутуға арналған жалақысы сақталмайтын демалыс.

Жүкті әйел жүктілікке және босануға байланысты демалысқа құқық беретін еңбекке уақытша қабілетсіздік парағында көрсетілген күннен бастап оны демалыстың осы түріне құқықты растайтын еңбекке уақытша қабілетсіздік парағын ұсыну арқылы ресімдейді. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, ұзақтығы босануға

дейін күнтізбелік 70 күнге және босанғаннан кейін күнтізбелік 56 (қиын босанған немесе екі немесе одан көп бала туған жағдайда - жетпіс) күнге жүктілікке және босануға байланысты демалыс беріледі. Демалыстарды есептеу жиынтықтап жүргізіледі және демалыс әйелге босанғанға дейін нақты пайдаланған күндерінің санына және жұмыс берушідегі жұмысының ұзақтығына қарамастан толық беріледі. Жаңа туған баланы асырап алған жұмыскерлерге бала асырап алынған күннен бастап және бала туған күннен бастап елу алты күн өткенге дейінгі кезеңге демалыс беріледі. Егер Еңбек және ұжымдық шарт талаптарында, жұмыс берушінің актісінде көзделсе, жұмыс беруші орташа жалақысын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылған, жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем сомасын шегеріп, жүктілікке және босануға байланысты демалысқа, жаңа туған баланы асырап алған жұмыскерлерге берілетін демалысқа ақы төлейді.

Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізіміне сәйкес әйелдерді ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстарға жұмысқа орналастыруға жол берілмейді (Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 26-бабы 2-тармағының 4) тармақшасы). “Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің ауыр заттарды тасуы мен жылжытуының шекті нормаларын және әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін, әйелдердің ауыр заттарды қолмен көтеруінің және жылжытуының шекті нормаларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы №944 бұйрығына әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын 25 кіші бөлім бойынша шамамен 287 атау кіреді.

Еңбек кодексінің 44-бабына сәйкес жұмыс беруші медициналық қорытынды негізінде жүкті әйелді орташа жалақысын сақтай отырып, зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болғызбайтын басқа жұмысқа

ауыстыруға міндетті. Жүкті әйелге басқа жұмыс берілгенге дейін ол орташа жалақысы сақтала отырып, жұмысты орындаудан босатылуға жатады. Жүкті әйел жұмыс беруші ұсынған басқа жұмысқа ауысудан бас тартқан жағдайда, ол жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілгенге дейін жалақысы сақталмайтын қарсы көрсетілген жұмысты орындаудан босатылуға жатады. Алайда егер бір жылдан кем емес белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шартының уақыты аяқталған күні жүкті әйел он екі және одан да көп апта мерзімдегі жүктілік туралы медициналық қорытынды ұсынса, сондай-ақ үш жасқа дейінгі баласы бар, бала асырап алған және бала күтімі бойынша жалақысы сақталмайтын демалысқа өз құқығын пайдалануға ниет білдірген жұмыскер уақытша болмаған жұмыскерді алмастыру жағдайларынан басқа, еңбек шартының мерзімін ұзарту туралы жазбаша, онда жұмыс беруші еңбек шартының мерзімін бала күтімі бойынша демалыс аяқталған күнге дейін ұзартуға міндетті (Еңбек кодексінің 51-бабының 1 және 2-тармақтары). Жұмыс берушіге жүктілік туралы анықтаманы ұсынған жүкті әйелдермен, үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдермен, он төрт жасқа дейінгі баланы (он сегіз жасқа дейінгі мүгедек баланы) тәрбиелеп отырған жалғызбалалы аналармен, 52-баптың 1-тармағының 2 және 3 тармақшаларында белгіленген негіздер бойынша аталған балалар санатын анасыз тәрбиелеп отырған өзге де адамдармен еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзуға жол берілмейді.

Жұмыс беруші жүкті әйелдің, үш жасқа дейінгі баласы бар ата-ананың біреуінің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс уақытын белгілейді (Еңбек кодексінің 70-бабының 3-тармағы). Жұмыс уақытының жиынтық есебі үздіксіз жұмыс істейтін өндірістерде, цехтарда, учаскелерде және өндіріс жағдайлары бойынша қызметкерлердің осы санаты үшін белгіленген жұмыс уақытының күнделікті немесе апта сайынғы ұзақтығы сақталмайтын жұмыстардың кейбір түрлерінде қолданылады.

Дәурен ШАРИПБАЕВ,
Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қызылорда облысы бойынша өкілі

Қазір харрасмент мәселесі көптеген мемлекетті алаңдатып отыр. Әсіресе Шығыс Азия мемлекеттерінде, Еуропаның кей бөлігінде харрасменттен зардан шеккен әйелдер көп. Кейбір оқиғалардың соңы қайғылы аяқталып жатады. «Ұят болады» деген түсінікпен құзырлы органдарға жүгінуден бас тартады. Кейде харрасмент құрбандарына шантаж жасап, белгілі бір әдістермен қорқытуы да мүмкін. Кейінгі уақытта бұл мәселе әйелдер ғана емес, балалар мен ер адамдар арасында да белең алған.

ХАРРАСМЕНТ: ҚАУІПТІҢ АЛДЫН АЛУ КЕРЕК

Харрасмент жайында сөз қозғамас бұрын оның не екенін хабардар етейік. Харрасмент – адамның немесе топтың қарсы адамға, топқа жыныстық, эмоциялық тұрғыда қысым көрсетуі. Кейбірі харрасментті физикалық түрде жасаса, енді бірі жынысына қатысты кекетіп, әжуалауы мүмкін. Оның қайсысына қатысты кекетіп, әжуалауы мүмкін. Оның қайсысына қатысты кекетіп, әжуалауы мүмкін. Оның қайсысына қатысты кекетіп, әжуалауы мүмкін.

Мысалы, егер қандай да бір басшы әйел қызметкерге ыңғайсыз, анайы мақтаулар, ескертпелер айтатын болса, ол харрасмент болып есептеледі. Сондай-ақ интимдік жолмен біреудің мансабын көтеруді жатқызуға да болады. Әдетте харрасмент жасаушы жәбірленушінің айналасынан шықпай қояды, тіпті себепсіз тактильді қатынас көрсетуі ықтимал. Ал психологиялық харрасментке шантаж жасау, жынысқа, нәсілге, иерархиялық статуска тиісу жатады. Айналасындағы жақын адамдар мүсініңіз, сырт келбетіңіз жайында мақтау айтса, оны қалыпты қабылдауға болады. Алайда көшедегі бейтаныс адам сол шамада өз ойын білдірген жағдайда сақтықпен қараған жөн.

2002 жылы Еуропалық одақ гендерлік теңдік директивасына өзгеріс енгізіп, харрасментті заңсыз деп қаулы қабылдаған. Осы заңнаманың аясында шет батыс мемлекеттерінде бұл қылмысты жасаған адамдар қатаң жазаланады. Ал Қазақстанда харрасментке қарсы шаралар «өттеген-ай» болып тұр. Бізде нақты харрасмент заң аясында қабылданбаған. ҚР Қылмыстық кодексінде «зорлау», «сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылық», «он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынасқа түсу және жыныстық сипаттағы басқа да әрекеттер» және

«жыныстық қатынасқа, немесе жыныстық сипаттағы өзге де әрекеттерге мәжбүрлеу» сияқты ұғымдар бар. Алайда харрасмент бұл нәрселерден тыс та орын алуы мүмкін.

Дегенмен экс-ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі бұл мәселені заң тұрғысында қолға алу жайында дабыл қағып жүр. – Жазаланбай жеңіл құтылатынын білетіндер түрлі жүгенсіздікке барады, қылмысты қымсынбай жасайды. Сондықтан азаматтарымызды зорлық-зомбылық мен харрасменттен қорғауда заңнаманы күшейту – кезек күттірмейтін іс. Заң үстемдігі салтанат құратын әділетті Қазақстанда кез келген жастағы немесе жыныстағы азамат кез келген жерде өзін қауіпсіз әрі жайлы сезінуі керек, – дейді сенатор.

Иә, харрасмент көптең назарында болмаса да, біршама адамды елеңдеткені рас. Әсіресе кейінгі кезде «оқуға түсудің өзіне интимдік ұсыныс тастады» деген секілді жаға ұстатарлық жаңалықтарды құлағымыз шалып жүр. Астанадағы медицина университетіндегі оқытушы-профессордың жас қызы «жүрек соғысыңды тексеремін» деп көкірегіне қолын сұққаны – көтеріп отырған мәселемізге арқау. Харрасмент жәбірленушілеріне қазірден қолдау көрсетіп, алдын алу шараларын жасамасақ, зорлық-зомбылыққа ұшыраушылар да көбейе бермек. Қазір қазақ қоғамы, әсіресе орта жастағы адамдар бұл мәселеге аса назар аудармай қоймайды. Тіпті «тана көзін көзін сүзбесе, бұқа жібін үзбейді» деп жәбірленушіні кінәлайтындар да жоқ емес. Ой жүйеміз осы шамада қала берсе, Пәкістан, Ауғанстан секілді әйел мен бала құқығы тапталған тағы бір «стан» санатына қосылуымыз ғажап емес.

Саида ЕСЖАНОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті



СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСІРТКІ САНАНЫ УЛАЙДЫ

Бүгінде зиянды әдет, қоғамдық індет – синтетикалық есірткі. Өкініштісі сол, бұл жағдай жасөспірімдердің арасында кеңінен таралуда. Күн сайын заңсыз айналымнан есірткі тәркіленгені туралы жаңалықтарды естиміз. Синтетикалық есірткінің мефедрон, пирвалерон, амфетамин, метадон сияқты түрі бар. Жасөспірімдердің есін алған есірткі қазір бәрімізді алаңдатуда.

Синтетикалық есірткі деген не? Мамандардың айтуынша, синтетикалық есірткі – химиялық жолмен жасалған, адамды физикалық және психикалық тұрғыдан тәуелді етіп қоятын қасиетке ие психобелсенді зат. Қауіпті химиялық қосынды құпия зертханаларда астыртын жасалады әрі арзан тұрады. Синтетикалық есірткіні пайдалану инені қажет етпейтіндіктен, оның дәмін татып көрген адам бірден тәуелділіктің төте жолына түседі. Ал бұлған құл болған жанның, қайта азаттық алуы өте қиын.

2023 жылдан бері 75 жасырын зертхана жойылды. Министр есірткі тарататын жастарға жазаны жеңілдетуді сұрады. Егер қылмыс бірінші рет жасалып, кінәлі адам, тергеу органдарымен белсенді жұмыс істесе, онда оларды жауапкершіліктен босату мүмкіндігі қарастырылады. Биыл көмелетке толмаған 6 бала сотталып, тағы 26 жасөспірім заң алдында жауапқа тартылған. Жалпы 10 айда есірткі қылмысымен 3 мыңнан астам адам сотталды. Олардың 11-і құқық қорғау қызметкері.

– Қазір есірткі зертханаларын ұйымдастырушылар “есірткіні өткізу” мақсатында бір топ адаммен және аса ірі көлемде әзірлегені және қайта өңдегені үшін жауапкершілікке тартылады, санкциясы 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыру. Ұсынылатын түзетулерде осы әрекеттер 15 жылдан 20 жылға дейін немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру дәрежеленетін болады, – дейді ҚР ішкі істер министрі Ержан Сәденов

Дәрігерлердің айтуына қарағанда, химиялық препараттар орталық жүйке жүйесі жасушаларын едәуір зақымдап, ойлау жүйесіне кері әсер етеді, есте сақтау қабілетін жояды.

Ұйқыға да кері әсер етеді. Тіпті есірткіге тәуелді адамдардың көбі бір айдан астам уақыт бойы дәрісіз ұйықтамайтын жағдайға түседі.

Бұл өсімдік есірткілерден де қауіпті. Өсімдік есірткісін пайдаланып көргендердің ішінде жүре келе есе жынып, зиянды заттан біржола бас тартып, дұрыс жолға түскендер бар. Ал синтетикалық есірткіні бір рет пайдаланған адамның жоқ жерден ерекше қайрат бітеді. Алдамшы сезімге бөленеді. Бірте-бірте галлюцинация пайда болып, көзіне түрлі құбыжықтар елестеп, әр сәті азапқа айналады. Есірткіге тәуелді адамдарда жақынына, тіпті туған анасына деген жанашырлық сезім болмайды.

Мұны тұтынып жүргендердің дені қазақтың қара домалақ балалары. Жасөспірімдер улы заттың бүркеме жарнамасын әлеуметтік желілерден оңай табады. Жарнамаларын да ғимараттардың сыртында түсініксіз етіп жазып кетіп жүр. Тәртіп сақшылары алдын алу шараларын жасауда. Дегенмен ата-ана да, ұстаз да сак болуы керек.

Мен замандастарымды есірткіден аулақ болуға шақырамын. Өмірдің жақсы жақтарын көру үшін, біз ең бірінші денсаулығымыз мықты болуы керек. Қай елдің жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса, сол елдің болашағы жарқын болады. Біз жасбуын өзімізге артылған сенімді ақтап, салауатты өмір салтын таңдайық!

Самал ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

ШОЙЫН КӨТЕРІП ШЫҢДАЛҒАН

16 келі гiр тасын 500 рет көтердiм



– Гiр көтеру спортымен қай кезден бастап шұғылдандыңыз?

– Бұл спорт түрiмен 2011 жылы, яғни 8 сынып оқып жүрген уақыттан бастап айналыстым. Жасөспiрiм шақтан бастап талмай еңбектенiп, жақсы нәтиже көрсетуге тырыстым.

– Гiр көтеру спорты халық көбiне наурыз секiлдi ұлттық мерекелерде ғана көретiнi жасырын емес. Бұл спорт түрiне мемлекет тарапынан қолдау бар ма? Халықтың қызығушылығы қандай?

Кен нықты, сом бiлектi жiгiттер айналысатын гiр көтеру – халық арасында кең тараған спорт түрi. Шойыннан құйылған гiр тасын көтеру үшiн спортшыға бiлектiң күшi мен темiрдей тiзiмдiлiктi ұштастыра бiлу керек. Осы орайда гiр көтеруден байрақты бәсекелерде жеңiс тұғырынан көрiнiп жүрген спортшы Азамат Ақылбековтен сұхбат алуды жөн көрдiк.

– Иә, бұл спорт түрiн халық тек қана наурыз мерекесiнде ғана көретiнi жасырын емес. Жалпы гiр көтеру спортынан облыстық жарыстар жиi болып тұрады. Бiрақ ол жайлы тек осы спортпен айналысатындар ғана бiледi. Ал жастар арасында қиындығына шыдамай, орта жолдан тастап кететiндер көп.

– Гiр көтерудi жас өрендер қай жастан бастағаны дұрыс?

– Жас ерекшелiгiне келетiн болсақ 7-8 сыныптан, яғни 13-14 жасдан бастап айналысса болады. Қазiргi уақытта бiлiктi бапкерлер жас шәкiрттердi машықтандыру үстiнде. Әр спортшы деңгейiне сәйкес спорт құралдарымен де қамтылған. Ең бастысы, гiр көтеру – табандылық пен шыдамдылықты қатты талап ететiн спорт түрi екендiгiн ұмытпау қажет.

– Сiз қатысқан ең үлкен жарыс пен жоғарғы рекордыңыз жайлы айтып берсеңіз...

– Өзiм бақ сынаған ең үлкен жарыс 2013 жылы Украинаның Керчь қаласында өткен жасөспiрiмдер арасындағы әлем чемпионаты болатын. Сол сайыста «жұлқа көтеру» кезеңi бойынша қатысып, 24 келi салмақты 150 рет көтерiп, 16 жасымда Әлем чемпионы атандым. Жеке рекордыма келсек, облыстық жарыстарда 32 келi кiр тасын 170 мәрте, 24 келiнi 100 рет көтерген едiм. Дайындық барысында 16 келiлiк кiр тасын 500 рет көтерген сәтiм бар. Жастар арасында 2 дүркiн Азия чемпионы болдым. Қазақстан Республикасы чемпионатында 2 күмiс, 2 қола жүлде иелендiм.

– Осы спорттағы үздiктер деп кiмдердi атай аласыз?

– Гiр көтеру спортынан Қызылорда облысы бойынша үздiктер деп, Оразбек Медетбаев, Жөнiсбек Төлеген, Абдулхасан Сейтенов, Қайсар Төлеген,



Жандәулет Өндiрi секiлдi спортшыларды айта аламын.

– Бұл спорттың дамуы үшiн не iстеу керек?

– Бұл спортты дамыту үшiн спортшыларға қолдауды арттырып, гiр көтеру жарыстарын көбейтiп, жан-жақты жарнамамен арттыру қажет деп ойлаймын. Халық кеңiнен ақпараттанса, гiр көтеруге қызығушылардың да саны артады деп сенемiн.

– Сұхбатыңыз үшiн рақмет!

ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ШТАБ-ПӘТЕРI ОРНАЛАСАДЫ

Қазақстан футбол федерациясының президентi Әдiлет Бәрменқұлов Ақтөбе қаласына арнайы сапарында облыс әкiмiнiң орынбасары – «Ақтөбе» футбол клубының Директорлар кеңесiнiң төрағасы Ғалымжан Елеуовпен кездестi.



Кездесуге ANTEQ ұйымының мүшелерi, «Ақтөбе» ФК қызметкерлерi, жаттықтырушылар мен футбол ардагерлерi қатысты.

Басқосуда федерация президентi Қазақстан футболының даму стратегиясымен таныстырып, Ақтөбеде ҚФФ-ның штаб-пәтерi орналасатынын айтты. Сондай-ақ алдағы уақытта Ақтөбе отандық кадрларды дайындаудың ордасына айналатынын атап өттi.

Кездесуде Ғалымжан Елеуов жергiлiктi менеджменттiң дамуына бiрлесе атсалысуға қолғабыс ететiнiн жеткiздi.

ЕКI МЕДАЛЬ ЖЕҢIП АЛДЫ

Дубайда (БАӘ) жеңiл атлетикадан 20 жасқа дейiнгi әйелдер арасындағы Азия чемпионатының соңғы күнi өттi.



Қазақстан жетi сайыста сәттi өнер көрсеттi: Алина Чистякова 5481 ұпай жинап, алтын медаль ұтып алды. Ал Ирина Кононова 5438 ұпай иеленiп, күмiс медалдi қанжығалады.

Үшiншi орын 5432 ұпаймен Қытай спортшысы Янчи Ченге бұйырды.

ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСАДЫ

Бiрiккен Араб Әмiрлiктерiнiң Фуджейра қаласында өтiп жатқан семсерлесуден iрiктеу турнирiнде Қазақстан құрамасының қоржыны бiр жолдамамен толықты.



Семсерлесуден Әйгерiм Сарыбай Париж Олимпиадасына жолдама алды. Ол финалда гонконгтық спортшыны 15:13 есебiмен жеңдi. Айта кетелiк, аталған сында тек жеңiске жеткен спортшылар ғана олимпиадалық квота иегерi атанады.

Әйгерiм өз мансабында алғаш рет Олимпиадаға қатысқалы отыр. Бұған дейiн ол Токио Олимпиадасына қатысу мүмкiндiгiн ала алмай, өзбек спортшысынан ұтылған болатын.

Қызылордалық «Қайсар» өткен сенбiде өз алаңында Алматының «Қайрат» командасын қабылдады. Төрт тур бойы жеңiске тұғырынан көрiне алмаған жерлестерiмiз бұл жолы жанкүйер көңiлiнен шықты. Тәжiрибелi қарсыластарының осал тұсын тауып, биылғы бiрiншiлiктегi алғашқы жеңiске қол жеткiздi.

«ҚАЙСАРДЫҢ» КӨПТЕН КҮТКЕН ЖЕҢIСI

Қызылордалық футболшылар алғашқы үш турда бiрде-бiр ұпай ала алмаған едi. Оның екеуiнде өз алаңында қарсыластарына есе жiбердi. Бұл жергiлiктi жанкүйерлер тарапынан ренiш туғызғаны жасырын емес. Оған команда басшылығы «Әзiрге футболшылар арасында түсiнбеушiлiк бар. Олардың көбi клубқа биыл қосылды. Алдағы ойындарда ұпай олжалауға күш саламыз» деп уәде берген болатын. Турнир кестесiнде он үшiншi орында тұрған «Қайсар» үшiн жеңiс ауадай қажет едi.

Доп додасының дүбiрi естiлген сәтте «Қайрат» басшылығы чемпион атағын жеңiп алуға күш салатынын жеткiздi. Әрине, оған барлық мүмкiндiк бар. Өз шәкiрттерi мен тәжiрибелi легионерлер командасына енгiзiлдi. Десе де алты турдан кейiн жағдай мез емес. Небәрi сегiз ұпаймен турнир кестесiнiң бел ортасында тұр.

«Қайсардың» бас бапкерi Виктор Кумыков алғашқы минутта Думан Нәрзiлдаев, Елжас Алтынбеков, Өркен Махан сынды футболшыларға сенiм артты. Сондай-ақ олардың қатарына бұдан бұрын негiзгi құрамда алаңға шықпай жүрген Горан Милойко қосылды. Қалғаны «Қайсар» сапында тұрақты түрде ойындарға қатысып


жүрген футболшылар едi. Ал қарсылақ құрамда Жоао Паоло, Эдлер Сантана, Виктор Васин секiлдi шетелдiк шеберлер және «Қайраттың» академиясында тәрбиеленiп шыққан жас таланттар жасыл алаңнан көрiндi.

Алғашқы минуттан қос команда ашық шабуылға көштi. Екеуiнiң де есеп ашатын бiрнеше мүмкiндiгi болды. Бiрiншi кезеңде «Қайсар» сапынан Өркен Махан қақпашымен бетпе-бет шығып, өз мүмкiндiгiнен мүлт кеттi. Алматылық клубтың өткiр шабуылына қызылордалық қорғаушылар тойтарыс бердi.

Екiншi кезеңде де ойын дәл осылай жалғасты. Соған қарамастан таблодағы есепке өзгерiс енебдi. Төрешi қосқан қосымша бес минут түгесiлер тұста «Қайсар» шабуылшысы Айбар Жақсылыков алматылық қақпашы Данил Устименконың өрескел қателiгiн пайдаланып, жаңа команда сапындағы алғашқы голын соқты.



Осылайша қызылордалық команда биылғы бiрiншiлiктегi алғашқы жеңiсiн тойлап, турнир кестесiнде он бiрiншi орынға көтерiлдi. Ендi жерлестерiмiз алдағы ойынын 5 мамырда сырт алаңда Қарағандының «Шахтер» командасына қарсы өткiзедi.



ТАСТАЯҚТАН ТУРНИР ӨТТI

Облыстық «Сыр бойы» газетiнiң 95 жылдығы аясында ҚР Мәдениет қайраткерi, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты, белгiлi қаламгер Оразбек Мақсұтұлын еске алуға арналған БАҚ өкiлдерi арасындағы бильярдтан V облыстық турнир ұйымдастырылды.

Жыныға облыстық қоғамдық даму басқармасы басшының орынбасары Артур Қамбаров, «Сыр медиа» ЖШС директорының мiндетiн атқарушы Марат Аралбаев, облыстық «QYZYLORDA» телеарнасының басшысы Нұрбек Әмиша және сала қызметкерлерi мен қаламгердiң туыстары қатысты.

Турнирде 30-ға жуық БАҚ өкiлi бақ сынады. Таңертең басталған ойын кешке дейiн жалғасты. Тастаяқ ойынын тас қылып менгерген журналистер, тартысты ойын көрсеттi. Ұйымдастырушылардың сөзiнше, бильярд ойыны журналистер арасында кеңiнен танымал. Тастаяқ тартысында үмiткерлер жеребе арқылы жұпталып, басым түскенi жеңiс тұғырынан көрiндi.

Шара барысында Оразбек Мақсұтұлынның қызметтес әрi замандас достары естелiк айтып, оның кәсiби қыры мен адами болмысы туралы толымды пiкiр бiлдiрдi.

– Оразбектiң таным-түсiнiгi, тiлшiк қабiлетi қарымды едi. Әрбiр iденiсi жүйелi еңбекке құрылғанымен құнды болатын. Оның бойынан бүгiнгi буын үлгi аларлық кәсiби дағды, шығармашылық әлеует ерек сезiлетiн. Сондықтан қаламгердi қатарластары ғана емес, жас өрен де ерекше қадiрлеп, есiмiн ұлықтап келедi, – дедi Қазақстанның құрметтi журналисi, сала ардагерi Қайырбек Мырзахметұлы.

Сайыс қорытындысы бойынша III орынды «Сыр бойы» газетiнiң бөлiм басшысы Дүйсенбек Аяшұлы, II орын-

ды баспахана маманы Шыңғыс Бекiшов иеленсе, I орын «QYZYLORDA» телеарнасының тiлшiсi Қозы Көрпеш Жасаралұлына бұйырды. Жеңiмпаздарға қаржылай сыйлық табысталды.

Сайыс соңында Оразбек Мақсұтұлынның отбасы мүшелерi сөз сөйлеп, баласы Берiк Оразбекұлы мен бауыры Орынбасар Әдiлов турнирге қатысушыларға алғыс айтты.

Турнирге «Альбион» демалыс кешенi, энергетика саласының ардагерi Мұхит Кәрiмбаев, баспахана саласының ардагерi Бақыт Қаюмов, кәсiпкер Қуаныш Әжiбеков демеушiлiк жасады.

Белгiлi журналист Оразбек Мақсұтұлынның еңбек жолын еске түсiрсек, ол ұзақ жыл бойы Сырдария аудандық газетiнде, облыстық телерадиокомитетте, облыстық «Сыр бойы» газетiнде қызмет еткен.

Оразбек Мақсұтұлы өзiнiң табиғат берген болмысына сай өте сак тұлға болған. Тiлшiлер жазған әрбiр мақалаға мұқият қарап, күмән туғызатын жерлерi болса, түн жарымына дейiн тиiстi орындардан анықтағанша жариялауға жiбермейтiн ақпарат саласының өкiлi едi.

1996 жылдан бастап өмiрiнiң соңына дейiн «Сыр бойы» газетi бас редакторының бiрiншi орынбасары болды.

Талантты журналистi ұрпақ жадында жаңғыртуды мақсат еткен БАҚ өкiлдерi арасындағы бильярд турнирi алдағы уақытта да жалғасын табады деп сенемiз.

Басы 1-бетте

Ең алдымен АҚШ-та болып жатқан екі тарап арасындағы конфликт жайында айтайық. Біраздан бері, дәлірек айтқанда, 20-сәуір күні АҚШ-тың конгресс өкілдері TikTok желісіне қарсы жасалған заң жобасына келісетіндіктерін жеткізді. Яғни, TikTok тоғыз ай ішінде ByteDance платформасының акциясын сатпайтын болса, АҚШ-та аталған әлеуметтік желі түбегейлі бұғатталып, онымен қоймай App Store мен Play Market-тен де өшіріледі. «АҚШ халқының жеке деректерін өз мүддесіне пайдалану мүмкіндігі мен киберқауіпсіздік шараларының қарастырылмауымен» түсіндіреді. Наурыз айында The Wall Street Journal газеті Қытай билігінің бұл келісімге келмейтінін

жастар үшін бұл тыйымнан аттану өту мәселе емес екендігін білеміз. Қазір бұл қиындықтың алдын алатын түрлі VPN бар.

Жалпы TikTok желісі жайындағы пікірлер таразыны тең ұстап тұр. Бірі позитивті, енді бірі негативті пікірде. Кез келген нәрсеге екі жақты қараған дұрыс болар. Сол себепті TikTok-ты не зиян деп, не пайдалы деп деп басып айта алмаймыз. Зиян дейін десек, ғылыми-танымдық контент түсіретін, креативті индустрияға бағытталған парақшалар бұл желіде жетіп артылады. Пайдасы мол дейін десек, агрессивті, жасөспірімдерге зиянды дүниені дәріптейтін, анайы бейнежазбалар да кезігеді. Дегенмен мына дүниені ескеруіміз қажет. TikTok – ақылды платформа. Ол жерде саған



ИНТЕРНЕТ шіріміндегі буын

Өткен ғасырда үлкен жылдамдыққа ие болған ғылыми техникалық прогресс компьютерлерге және түрлі гаджеттердің тез таралуына әсер етті. Қазір интернетсіз өмір “көңілсіз” десе де болады. Компьютерлік технологиялар ғылыми жобалардың жана идеяларын біріктіретін «көпірге» айналды.

психологиялық күйзеліс орын алған. Виртуалды әлемге қашудың тағы бір себебі сыныпта немесе құрдастары жағынан көрсетілетін физикалық, эмоционалды-психологиялық зорлық. Ата-ананың айырылысуы да бұған себеп бола алады. Ата-анамен, құрдастарымен, сыныптастарымен немесе өзі үшін маңызды адамдармен қарым-қатынастың жетіспеуінен де интернет-тәуелділік пайда болады.

Баланың өзін-өзі бағалау деңгейінің төмен не жоғары болуы виртуалды реалдылыққа жүгінудің себебі болуы мүмкін. Егер де баланы өз жанұясы, ата-анасымен қарым-қатынасы немесе өмір сүру ерекшелігі қанағаттандырмаса (мысалы, ата-анасы ішімдікті көп қабылдайды), мұндай жағдайларда балада өз отбасын жұтсынуды сезімі пайда болады, соның нәтижесінде виртуалды әлем баланы толық өзіне сіңіріп алады. Егер де жаңыда ата-ана балаға қатыгездікпен қараса, зорлықты көрмеу мақсатында виртуалды әлемге кіріп кетеді. Бұл жана әлемде оны ешкім ренжітпейді, ол әрқашанда өзін-өзі қорғай алады, күшті әрі жеңімпаз болады. Көбіне балалар виртуалды әлемге ену кезінде оған төтеп бере алмайды. Компьютерге тәуелді жасөспірімнің өзінің қарым-қатынас шеңберін интернетпен шектейді.

Баланың бойында интернет-тәуелділігін байқаған жағдайда қолданылатын шара: ата-ананың интернет және компьютердің әсерінен бала өмірінің қаншалықты бұзылғанын өзіне көрсетуге тырысуы керек. Егер де бұл жағдай тәуелділікке дейін жеткен болса, ол адамды бұл істі тастауға көндіру маңызды. Ал ешқандай нәтиже болмаса, кәсіби жәрдем алуға болады. Адам өзінің тәуелді екендігін және өзін тоқтата алмайтындығын түсінгеннен кейін шектеу қажет. Егер де кәсіби немесе басқа тұрғыдан қажеттілік болмаса, компьютерді немесе интернетті алып тастаған дұрыс.

Қорытындылай келе, шынайы өмір виртуалды өмірден әлдеқайда жақсы. Педагог Макаренконың: «Баламен шындап сөйлесу үшін орын мен уақытты таңдай біліңіз. Кіре берістегі, жол-жөнекей айтылған сөз бала көңілінде керекті із қалдырмайды» деген керемет сөзін әрбір ата-ана жадында сақтап жүрсе екен.

Самал ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті

TikTok:

Ақпарат майданындағы алыптар шайқасы

мәлімдеді. Сондай-ақ олардың жазушына, қытайлықтар акция сатуға қарағанда бұғаттауға келісім білдіріп отыр. TikTok басшылығы бұл мәселе төңірегінде АҚШ-пен соттаспақ ниетте. TikTok желісінің атқарушы директоры әр пайдаланушының киберқауіпсіздігі үшін миллиардтаған қаржы бөлініп жатқанын айтып әлек. Сондай-ақ ол өзі жетекшілік ететін платформада еш кінәраттың жоқтығына, сот болған жағдайда еш қиындықсыз ақталатынына сенімді.

Бұл жағдайға критикалық тұрғыда қарайтын болсақ, АҚШ-тың бар мақсаты – өз тұтынушыларының қауіпсіздігі емес, тек қана бәсекелестің көзін құрту екені айдан анық. Себебі Meta компаниясы, Facebook, Instagram сынды әлеуметтік желілер TikTok қарқын алғалы бұған дейінгі танымалдылықтарын жоғалтты. Тіпті кейбірінің акциялары түсіп, құлдырау үстінде. Instagram мен Facebook TikTok-тан қалмайық деп Reels жүйесін орнатқанымен, онысы қытайлық желінің шаңына да ілесе алар емес. Осы және өзге де факторлар ақыр соңында АҚШ-тың жоқ жерден себеп тауып, соттасынуына мұрындық болып отыр.

Тағы бір айта кететін жайт, АҚШ егер TikTok-ты бұғаттаған жағдайда америкалықтар жаппай митингке шығу қаупі төніп тұр. Өйткені АҚШ-та бұл желіні 170 миллионға жуық адам тұтынады. Оның ішінде контент арқылы қыруар қаражат табатындардың саны мыңнан асады.

Ал Қырғызстанның бұғаттау әрекеті түсініксіз. Бұған дейін бір қырғыз депутаттары қырғыз балаларының қазақстандық телеарнаы тым көп көретіндігіне, тіпті кей балалардың қазақша сайрап тұрғандығын айтып наразы болған еді. Бұл мәселенің төңірегінде талқыға салынып жүргеніне біраз уақыт болды. Тек жақында ғана құзырлы орган нақты TikTok желісіне тыйым салу жөнінде заң қабылдады. Десе де көзі ашық

ұсынылатын видеолар сенің өзіңе тікелей байланысты. Яғни TikTok тек өзің лайк басқан немесе ұзақ көрген, тіркелген парақшаларына ұқсас контент жүргізетін бейнежазбаларды ұсынады. Сол себепті осы тұста беталды жөнсіз видео ұсына беріде деп ренжудің де реті жоқ. Бұл платформада цензура сақталғаны соншалық модераторлар кішкене қанның ізі көрінген бейнені дереу өшіреді.

Алайда пайдалы емес контентті көп көргенің әсерінен маргинал жастар көбейіп, дофаминнің ізінде кеткенін ескергеніміз абзал. Әсіресе кейінгі уақыттары ел мен жерге бөлініп, бір-бірі түгіп жеп жүргендердің қарасы қалындады. Уақыт өте келе елімізде неше түрлі субмадениет бөлініп, бір-бірін кекеткендерді де көзіміз шалып жүр. Осы шамадағы «аттеген ай» болмаса, TikTok жаман желінің қатарында емес. Қазір ғаламтор атаулының бәрін екі жақты қарап, минустарын тізбектеуге болады. Бұл фактор ескерілмей, көпшіліктің не үшін міндетті түрде TikTok-қа жармасқаны бәрімізге жұмбақ.

Нұршат НЫШАНОВА



Бала виртуалды әлемге неге қызығады?

Мұның басты себебі көңіл көтеруге деген құмарлық, оның балалар түрлі компьютерлік ойындардан ала алады. Тағы бір себебі жасөспірімнің қараусыз қалуы. Яғни ата-ананың өз баласына қарауға да уақыты жетпейді. Мұндай ата-аналар баланың сезімдері, күйзелістері, мектептегі оқу үлгеріміне қызықпайды, өз баласының не қалап, қандай өмір сүріп жүргендігі жайлы білмейді. Олар жай ғана балаға алданыш ретінде компьютер сатып алады, бұл арқылы олар ата-аналық парыздан құтылғандай сезінеді. Келесі себеп ата-ана немесе оның орнындағы адамдар арасындағы үнемі ұрыс-керістер. Мұндай отбасыларда эмоционалды-



СЕРІКТЕСПЕН БОСАНАТЫН ӘЙЕЛ нені білуі керек?

Бүгінде елімізде жүкті әйелдердің серіктеспен босануы қалыпты үрдіске айналған. Босануға дейінгі кезеңде жүкті әйелге психологиялық көмек беру маңызды. Сондықтан серіктеспен босануды тандайтындар жақын адамының жанында болып, жан-жақты қолдау білдіргенін қалайды.

Жалпы елімізде акушерлік-гинекологиялық көмек көрсету стандарты бар. Соған сәйкес босануына психологиялық қолдау көрсету үшін әрбір әйелдің жанына жігі инфекциялық аурулардың клиникалық көріністерінің, таза кннмен және ауыстырылатын аяқ кннмен серіктес (отбасы мүшесі немесе

жақын адам) жіберіледі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының зерттеулеріне сәйкес, босану кезінде серіктестің болуы ананың да, баланың да денсаулығына жағымды әсер етеді. Әйел бұл уақытта өзін тыныш және еркін сезінеді. Ал босану процесі жеңіл өтеді. Дегенмен жүкті әйел босануға жалғыз келсе, оған міндетті түрде тәжірибелі акушер көмектеседі. Ол ауырыснуды жеңілдету үшін тыныс алу әдістерін көрсетіп, су әкелу, массаж жасау сынды көмектер көрсетеді.

Серіктеспен босану туралы шешім қабылдау бірлескен, ерікті және саналы болуы керек. Босану кезінде серіктес

толғақтың ұзақтығын және олардың арасындағы уақыт аралығын өлшеу, босанатын әйелдің қолын ұстау, су беру, терді сүрту, әйелге босану кезінде дұрыс дем алуға және босану позаларын қабылдауға көмектесу, ауырыснуды басатын және босаңсытатын массаж жасау, дәретханаға немесе душқа апару, қажет болған жағдайда дәрігерді шақыру, психологиялық қолдау көрсету сынды көмек беруі қажет.

Гүлзат ЖҰМАБЕКОВА,
көпбейінді облыстық аурухананың жоғары санатты үздік акушері



<p>Ақмешіт ЖАСТАРЫ</p> <p>Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.</p> <p>«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициталған.</p>	<p>Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p>	
	<p>БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Марат АРАЛБАЕВ</p>	<p>Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
<p>Қабылдау бөлмесі: Тел/факс: 40-11-10</p> <p>БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ</p>	<p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz</p>	<p>Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА</p> <p>Таралымы: 7089 Тапсырыс: 691</p>